

A. A. Қайроллаев, 2-курс магистрі

**Ғылыми жетекшісі: Б. Т. Жұзбаев, қылмыстық құқық және іс-жүргізу кафедрасының профессоры
(«Фемида» ЗАң академиясы)**

КОНТРАБАНДА ҚЫЛМЫСЫН ТЕРГЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕСІ

Контрабанданы әшкерелеу мен ашуга онымен күресу үшін міндепті турде кеден органдарының, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, прокуратура, басқа да құқық қорғау органдары мен шекара әскерінің, соңдай-ақ шет мемлекеттерінің осы сияқты органдарының күштерін біріктірмей болмайды.

Бірлескен қызмет шенберінде ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы мен кеден органдары қылмыстарды әшкерелеп, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асырса, осы қызметтердің тергеу аппараты контрабанда туралы істер бойынша тергеу жүргізеді. Прокуратура сыртқы экономика саласындағы кеден органдарының зандарды орындаудына қадағалау жүргізеді, қылмыстың осы санаты бойынша істерді тергеу барысын үйлестіреді.

Контрабанда — трансұлттық құбылыс. Қылмыстың бұл түрі негізінен аймақаралық және мемелекетаралық сипатқа ие болған үйымдасқан топтармен аса мықты буркемеленген, көп оқиғалы жасалатын қылмысқа жатады. Осыған орай, контрабанданы әшкерелеу мен ашудың

әдіс-тәсілдері аймақаралық қылмыстық топтарға тен төмендегі көрсеткенің қатарына жатқызылатын ерекшеленетін белгілерінен тұратын болуы тиіс:

- Қазақстанның ірі қалаларына не болмаса іргелес мемлекеттердің (мысалы, Ресей) шекарасына қарай басымырақ көшіп-қонатын қылмыстық топ бағыттарының тұрақтылығы;
- мұндай топтардың этникалық, жерлестік негізде құрылуды;
- қылмыстық топтардың кеден шекарасына жақын жерлердегі тұрғындар арасында күні бұрын келісіп қойған шығарда және кірерде жасасатын сенімді байланыстарының болуы.

Мұндай белгілерді есепке алып отыру контрабандамен айналысатын ұйымдасқан қылмыстық құрылымдарды әшкерелеуге, олардың есебін жүргізуі ұйымдастыруға, сондай-ақ қылмыстық әрекеттерді болдырмау мен әшкерелеу мақсатындағы жедел шаралар қолдануға мүмкіндік береді.

Ұйымдасқан қылмыстылықпен құрес жүргізуді қазіргі кезеңдегі контрабанданы әшкерелеу мен ашу мәселерінің бірі болып табылатын сыйбайлас жемқорлықпен құрес жүргізу мәселесі де бар¹. Аймақаралық байланысы бар топтасқан қылмыстылықпен құрес жүргізудін тиімділгі көптеген жағдайда әр аймақтағы жедел іздестіру қызметінің жұмыстарының ейлесімділігіне байланысты болады. Сонымен бірге, төмендегідей факторлардың қажеттілігі анықталатын үйлестіру мазмұнына мейлінше тән құбылыстардың фактілерін ескерген жөн, ол дегеніміз:

Тұрғылықты жерлері бойынша қылмыскерлер, контрабандашылардың қылмыстық байланыстары жүзеге асырылатын жерге келетіндігі жөніндегі ақпараттарды салыстыру және талдау.

Қылмыстық әрекеттің белгілі бір субъектілерімен түрлі аймақтарда жасалайын деп жатқан контрабанда туралы ақпараттарды салыстырып біліп отыру.

Басқа аймақ тергеушілерінің тапсырмалары бойынша тергеу шараларын жүргізу үшін жедел құрам күшімен өзара көмек көрсетуді ұйымдастыруды қажет етеді.

Бұл әрине толық қамтылған шаралар емес, алайда тергеудің тиімділігін көльтеруге ықпалы бар екені даусыз.

¹ Баранов В. М. Теневое право: Монография. — Н. Новгород, 2002.